


Көрөглы

Түркі әлемінің сахналарында



*Нигар ролінде – Шулә Гукең, халықаралық конкурстардың лауреаты
(Түркия)*

*Көрөглы ролінде – Садырбек Жұмашев, өнерге еңбек сіңірген қайраткер
(Қырғызстан)*

Халықаралық деңгейдегі бұл ауқымды мәдени жобаның негізгі ұйымдастырушысы — ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының өзі. Оған демеушілік көрсеткен Түркия үкіметінің «Танымта» қоры, Түркия Мәдениет және туризм министрлігі, Әзірбайжан Мәдениет және туризм министрлігі, Қырғызстан Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақстан халқының рухани даму қоры мен Алматы қаласы әкімдігі.

Қойылымның басты ерекшелігі – оны түркітілдес мемлекеттерден келген 250 өнерпаз бірігіп орындайтындығында. Түркі халықтарының өнер тарихында алғаш рет қолға алынып отырған бұл ірі халықаралық жоба Алматыда Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында, Анкара қаласының Мемлекеттік опера және балет театрында, Бакуде Ариф Меликов атындағы опера және балет театрында көрермендерімен қауышты.

Шымылдығы А.Малдыбаев атындағы Қырғыз ұлттық академиялық опера және балет театрының сахнасында ашылған бұл жоба, шын мәнісінде де, түркі опера өнері тарихында бұрын-соңды жасалмаған аса ауқымды шара. Бұл халықаралық құрамдағы өнерпаздар орындауындағы қойылым бас-аяғы 10-15 күннің ішінде түркітілдес мемлекеттердің бірнеше ірі қаласындағы белгілі опера театрларында сахналанып, гастрольдік турне жасап шықты. ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының Бас директоры Дүйсен Қасейіновтің айтуынша түркітілдес мемлекет-



*ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының
Бас директоры Дүйсен Қасейінов,
Түрік Опера және балет
театрларының бас директоры
Ренген Докмен,
Қазақстан халқының рухани даму
қорының президенті Алмаз Нұразхан*

*Операдан көрініс.
Низар рөлінде Гүлзат Дәіурбаева,
Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық
опера және балет театрының әншісі (Қазақстан)*




тердегі өнер жанашырларының арқасында, экономикалық қиындықтарға қарамастан, әр мекеме өз қолынан келген жәрдемін беріп, бұл жоба зор табыспен өткен.

Халық аңыздарының негізінде жазылған белгілі әзірбайжан композиторы Узеир Гаджибековтің «Көроғлы» операсы алғаш рет 1937 жылы сахналанған екен. Бұл – түркі халықтарының көбіне ортақ әйгілі фольклорлық мұралардың бірі. Түрік, әзірбайжан әдебиетінде Көроғлы қарапайым халыққа көрсетіліп отырған езгіге, зорлық-зомбылыққа қарсы күрескер ретінде бейнеленсе, түрікмен, қазақ, қырғыз, өзбек әдебиетінде қаһармандық эпостың басты кейіпкеріне айналған. Көроғлы дегенде біздің есімізге бала күнгі аталарымыз жатқа айтатын жырдағы батырды еске аламыз. Біздің нұсқада Көроғлыны анасы көрде туған, ол сондықтан да Көроғлы атанады, ал У.Гаджибековтың операсында батыр Қазан ат үшін көзі ойылған, яғни, көрсоқыр әкеден туғандықтан Көроғлы атанады.

Әр халықта әр нұсқада жүрген «Көроғлы» - түркі опера өнері тарихында ең көп сахналанған және ең танымал опералардың бірі. Әрі операның музыкалық тұрғыдан аса бай екендігі де ескерілді. Бұл жоба – ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының түркі халықтарының мәдени ықпалдастығын арттыру мақсатында жасап

*Шуле Гукен
(Түркия)*



жатқан көп шараларының біреуі ғана. Мұндай жобалар келешекте де жалғаспақшы. Қазақ халқының, башқұрт, татар халықтарының үздік опера үлгілерін осындай халықаралық деңгейде насихаттау – алдағы күннің еншісінде. ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы түркі халықтарының өнерін бөле-жарып қарамай, оны тұтастыра насихаттау мәселесін көтеріп жүр. Өйткені біздің театрларымыздың репертуары, негізінен, еуропалық опералардан тұрады екен. Ал өз туыстарымыздың озық өнер үлгілерін сахналауға аса мән беріле қоймайды. Бұл жолғы халықаралық жобаның мақсаты да түркі халықтары арасындағы мәдени қатынастарды дамытуға, түркілердің ортақ мұрасын насихаттауға және туыс елдер өнерпаздарының кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған. Мәселен, «Көроғлы» операсын орындауға Түркиядан – 15, Қазақстаннан – 15, Әзірбайжаннан – 10, Башқұртстаннан – 10, Татарстаннан – 7, Қырғызстаннан 180 өнерпаз қатысыпты. Өнер адамдары үшін жақын араласудың, тәжірибе алмасудың, шеберлігін жетілдірудің бұл ең ұтымды жолы.

Нигар рөлін Гүлзат Дауырбаева (Қазақстан), Альбина Габидуллина (Башқортостан), Бактыгүл Бокоева (Қырғызстан), Земфира Исмаилова (Азербайжан), Шулә Гукен (Түркия) орындап, бір қойылымның барысында бес мемлекеттің бір рөлдегі осы бес әншісін тыңдау да өзіндік ерекше әсер берді. Көроғұлы образындағы әнші жігіттер Ахмет Агади (Татарстан), Садырбек Жұмашев (Қырғызстан), Гасан Әнами (Азербайжан) сияқты танымал өнер шеберлерінің өзіндік дауыстары мен ойнау шеберліктері әдемі жарасым тапты. Рөлдегі әрбір өнер шеберінің сахналық костюмдері де айрықша ансамбль құрып, түркі халықтарының киім кию және киім тігу өнерінің де сан қырын танытты. Операдағы кейіпкерлердің киім үлгілері күллі түрік дәуірін қамтып тұрғандай еді. Түрік суретшісі Сабаш Камгоздың сахна суретшісі ретіндегі шеберлігі барынша жарқырай көрінді десек болады. Ол қойылымдағы ханға қыз таңдауға келген мырзаға көрінуге келген қырық қыз рөліндегі қырық артисті барлық түрік халықтарының келіндерінің бірін-бірі қайталамайтын ұлттық киімдерімен киіндіріп шыққан. Түркі өнері дамуының жаңаша дәуірі басталды. ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының Бас директоры Дүйсен Қасейіновтің бұл бастамасы түркі әлемі өнерінің халықаралық деңгейге көтеріліп, жаһандық ауқымда танылуына мүмкіндік жасап отыр.

*Ханым Әбдірасылова,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
этнология магистрі*

